**Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 457 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2494. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 11-03/472 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.09.26 № 11-03/472 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне , Қазақстан Республикасының Орман кодексіне , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері " 2002 жылғы 22 қарашадағы N 1239 және "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері" 2003 жылғы 18 шілдедегі N 714 қаулыларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқау" бекітілсін.

2. Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Облыстық аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармаларының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық органдарының басшылары осы Нұсқауды басшылыққа алсын және орындауға қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне және Балық шаруашылығы комитетіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

*Министрдің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
Министрінің
2003 жылғы 29 тамыздағы
N 457 бұйрығымен
бекітілген

**Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша НҰСҚАУ**

1. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасының Конституциясы , "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің , Қазақстан Республикасы Орман кодексінің , " Қоршаған ортаны қорғау туралы ", " Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ", " Жануарлар дүниесін қорғау , өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының негізінде әзірленген және орман, балық пен аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары (бұдан әрі - лауазымды тұлға) мемлекеттік бақылауды жүзеге асырғанда заңнаманы қолдануын бөлшектейді.

2. Орман қорының қалпын, қорғалуын, сақталуын, пайдалануын, ормандарды ұдайы көбейтуді және орман өсіруді мемлекеттік бақылау барлық жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртібін ұстау мақсатында орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұдайы көбейту және орман өсіру саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау өз мақсаты ретінде шаруашылық және өзге де қызметтердің әсерінен жануарлар дүниесінің қалпын және өзгеруін қадағалауды, іс-шаралардың орындалуын тексеруді, бұзушылықтарға уақытылы жол бермеуді және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы ұстауды білдіреді.

3. Осы Нұсқаудың мақсаты табиғатты қорғау заңнаманы ұстауды тексергенде және орман, балық пен аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды

жасағанда, бұзушыларды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту үшін оларды тиісті органдарға жібергенде, заңсыз олжаланған өнімді және заңсыз табиғат пайдалану құралдарын алып қойғанда, есептегенде және іске асырғанда, заттардың, көлік құралдардың, кіші мөлшердегі кемелердің жеке тексерісінде басқа да құжаттарды жасағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамалары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарағанда лауазымды тұлғаға көмек көрсету болып табылады.

## 2. Табиғатты қорғау заңнамасындағы бұзушылықтарды жою, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту бойынша шараларды қолдау және құжаттарды ресімдеу тәртібі

4. Өсімдіктер және жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау саласында тексеріліп отырған шаруашылық жүргізуші субъектінің өкілі қатысқан кезде лауазымды тұлға тексеруді жүзеге асырғанда мыналар жасалынады:

1) Табиғатты қорғау заңнамасын ұстауды тексеру Кесімі (1-қосымша), онда тексеріліп отырған объектінің негізгі мінездемелері, рұқсат етілетін, нормаландырылатын және өзге де құжаттамаларының бар болуы, бөліп берілген кеспеағаш қорларының көлемдері, биоресурстарды пайдалану шегі және басқа да қажетті мәліметтер көрсетілуі тиіс. Содан кейін Кесімде орман, аңшылық пен балық заңнамалардың айқындалған бұзушылықтары көрсетіледі, сонымен тиісті заңнамалық және нормативтік құжаттардың баптары мен тармақтарына сілтемелерді жасау қажет;

2) Орман, аңшылық және балық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында бұзушылықтарды жою бойынша міндетті түрдегі ұйғарым (2-қосымша), ол бұзушылармен белгіленген мерзімде міндетті түрде орындауға жатады. Сонымен кәсіпорын басшысы орман және аңшылық және балық шаруашылығы аумақтық басқармаларының органдарына ұйғарымды орындау туралы ақпаратты оны орындау мерзімі өткеннен кейін 7 күннен кешіктірмей жіберуге тиіс. Көрсетілген мерзімде ұйғарымды орындамаған жағдайда "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 356 , 636-баптарына сәйкес шараларды қолдау тиіс. Ұйғарым 3 данада жасалынады, олардың біреуі тексеріліп отырған объектінің басшысына немесе өкіліне тапсырылады.

5. Жеке тұлға, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалса, оның кінәсі заң күші бар сот қаулысымен немесе лауазымды тұлға өз құзыреті

шегінде шығарған қаулысымен әзірше дәлелденбесе және белгіленбесе, кінәлісіз болып саналады.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісін анықтағаннан кейін лауазымды тұлға заңнамада белгіленген тәртіппен Орман, аңшылық және балық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы (6-қосымша) ресімдейді (бұдан әрі - Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Хаттама).

7. Құқық бұзушылық жасалынған орында хаттаманы құрастыру мүмкінсіз болған жағдайда, сондай-ақ оны жасаған сезікті тұлғаны анықтау және істі уақтылы және дұрыс қарастыруды қамтамасыз ету мен іс бойынша қабылданған қаулыны атқару мақсатында Кодекстің 618-бабына сәйкес жеке тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде іс бойынша қозғалысты қамтамасыз ететін лауазымды тұлға мынадай шараларды қолдануға құқылы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы құрастыру орнына жеткізу, яғни орман бұзушылығын, аңшылық және балық аулау, балық қорын сақтау ережелерінің бұзушылығын және өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау бойынша заңнамаларының басқа да бұзушылықтарды жасаған жеке тұлғаны күштеп апарып салу, әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік ұстау туралы хаттамада апарып салу туралы сәйкесті жазба жасалынады;

2) әкімшілік ұстау, яғни жеке тұлғаны анықталған уақыт ағылымы ішінде, бірақ үш сағаттан артық емес, арнайы ғимаратта күштеп ұстаумен уақытша өз еркінен, әрекет және қозғалу еркінен оның құқыққа қарсы іс-әрекетін тоқтату мақсатында айыру, ал ұсталған тұлғаның жеке басын анықтағаннан кейін Әкімшілік ұстау туралы хаттама (3-қосымша) жасалынады, онда:

оны жасаған күні, уақыты, орны;

хаттама жасаған тұлғаның лауазымы, тегі және аты-жөні;

ұсталынған тұлға туралы мәліметтер;

оны ұстау уақыты, орны және негіздемелері көрсетіледі;

3) жеке тексеру және екі айғақ адамдардың қатысуымен жеке тұлғада болған заттарды тексеру, сонымен Жеке тексеру және жеке тұлғада болған заттардың тексерісі туралы хаттама (4-қосымша) жасалынады;

4) көлік құралдарының, кіші мөлшердегі кемелердің тексерісі, бұл туралы лауазымды тұлғамен Көлік құралдарының, кіші мөлшердегі кемелердің тексерісі туралы хаттама (5-қосымша) жасалынады, оған хаттама жасаушының, тұлғаның оған қатысты іс қозғалғанда, тексеріске келтірілген көлік құралы, кіші мөлшердегі кеме иесінің, айғақ адамдардың қолдары қойылады.

Қажетті болса көлік құралдарының, кіші мөлшердегі кемелердің тексерісі кезінде алынған заттарды белгілеу мақсатында олардың фото, кинотүсірімдері, бейнежазбалары жүргізіледі.

8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалынбайды:

1) ескерту немесе бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын айыппұл түрде әкімшілік жазаны салуға әкелетін әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда: әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орында уәкілетті органмен ескерту ресімделеді немесе айыппұл салынады және алынады, айыппұл алынған жағдайда бұзушыға белгіленген үлгідегі қатаң қаржы есептіліктің бланкісі болып табылатын парақ қағазы беріледі;

2) егер жаза қолданған жағдайда тұлға дау салса, онда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалынады.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әр анықталған табиғат қорғау заңнамасын бұзу оқиғалары бойынша бұзушының жеке басы анықталған немесе анықталмағанға қарамастан жасалынады.

10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың "хаттама жасаушы" деген сызық жолында (1-тармақ) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау құқына уәкілетті қызметкерінің лауазымы, ілік септікте тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада (2-тармақ) тұлға туралы, оған қатысты іс қозғалғанда, мәліметтер көрсетіледі:

1) тегі, аты, әкесінің аты (толық ілік септікте);

2) туған жылы мен орны (соңғысы облыс, аудан, қала немесе ауылға дейін анықтап көрсетіледі);

3) тұратын жері (пошталық адресі, мүмкіндігінше пошталық индексімен);

4) заң бұзушының жұмыс орны және лауазымы толық көрсетіледі;

5) жалақысының мөлшері;

6) жан-ұясының құрамы, асырауындағы адамдар;

7) тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат - құжаттың атауы (төлқұжат, куәлік, аңшылық билеті) көрсетіледі; оның сериясы және нөмірі; кіммен берілген ; егер де ішкі істер органдарында, мекен-жай орнында тұлғаның жеке басы анықталса, бұл да сол сызық жолында жазылады;

тұлға, оған қатысты іс қозғалғанда, бөтен адаммен танылған жағдайда ұсталынған тұлға кіммен анықталғаны және оның мекен-жайы көрсетіледі;

тұлғада, оған қатысты іс қозғалғанда, жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда және оны ішкі істер органдарына апару мүмкінсіз болса, бұл сызық жолында "Сөздерінен" деп жазылады және ол баяндап отырған мәліметтер жазылады.

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 5-тармағы толтырғанында бұзушылық құрамының анық және дұрыс тұжырымдамасына

ерекше назар аудару керек. Сонымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада бұзушылықты жасаған күні, уақыты, орны және әкімшілік құқық бұзушылықтың мәні көрсетіледі.

13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 6-тармағында осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілігі көзделген Кодекстің ерекше бөлігінің бабы көрсетіледі.

14. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 7-тармағында Кодекстің 584-бабымен ұсынған процессуалдық құқықтарымен танысқаны туралы тұлғаның, оған қатысты іс қозғалғанда, қолы қойылады.

15. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 8-тармағында жеке тұлға немесе заңды тұлғаның заңды өкілі, оған қатысты іс қозғалғанда, бұзушылықтың мәні бойынша өз қолымен түсіндірмелерді енгізеді, оның ішінде қажеттілік туса хаттамадан бөлек парақ қағазда, онда хаттамада "Тұлғаның, оған қатысты іс қозғалғанда, түсіндірмесі қосылады" деген жазба қойылады. Егер көрсетілген тұлғалар табиғи себебі бойынша түсіндірмені жазалмаса ( сауатсыздық, мастық жайы, көзілдіріктің болмауы және т.б.), оның сөздерінен түсіндірме хаттама жасаушымен жазылады және түсіндірме соңында "Менің сөздерімнен дұрыс жазылды және маған оқытылды. Толықтырулар мен түзетуліктер жоқ." деп жазылады, содан соң ол өзінің қолын қояды. Егер тұлға, оған қатысты іс қозғалғанда, түсіндірме беруден бас тартса, оған өз қолынан бас тарту себептерін баяндауға ұсыным беріледі. Осыны да орындауға бас тартса, уәкілетті тұлға өз қолы және куәлардың қолынан бас тартқан себептерді баяндайды, ал көрініс себептері болмаған жағдайда "Себепсіз хаттамаға қол қоюдан бас тартты" деген белгі қояды және өз қолымен және куәлардың қолымен бұл жазбаны растайды.

16. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 9-тармағында заңсыз табиғат пайдаланудың алынып қойылған өнімдері туралы мәліметтер көрсетіледі ; егер де олар алынбаса, бұл туралы жазба қойылады және қалдырылған себептері көрсетіледі.

Өз еркімен жасалынған кесудің және заңсыз кесілген сүректің анықталған фактілері жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың қосымша беттің бланкісі толтырылады. Алынып қойылған немесе тыйым салынған өз еркімен кесілген сүрек орман және жануарлар дүниесін немесе заңды тұлға болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (бұдан әрі - ЕҚТА) қорғау бойынша мемлекеттік мекемеге уақытша сақтауға жауапты тұлғаның қолы қойғызылып беріледі.

17. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 10-тармағында алынып қойылған құрал-саймандар, құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

18. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың 12-тармағында тұлға, оған қатысты іс қозғалғанда, өз қолымен хаттамамен және басқа да іс материалдарымен танысқаны туралы қол қояды, сондай-ақ хаттаманың мазмұны мен ресімделуі бойынша ескертпе жасауға құқылы, содан кейін хаттамаға оны жасаған лауазымды тұлғаның, бұзушылықты анықтауға қатысқан тұлғалардың, бар болғанда куәлардің, айғақ адамдардың қолы қойылады.

19. Жеке тұлғаға, заңды тұлғаның заңды өкіліне, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғанда, хаттаманы құрастырғаннан кейін қол қойғызылып хаттаманың көшірмесі және уәкілетті органда немесе уәкілетті тұлғамен оның әкімшілік құқық бұзушылық туралы ісін қарастыру орны мен уақыты туралы Хабарлама қағаз (7-қосымша) дереу қабылданады.

20. Жеке тұлғада болып тұрған сүректің, жабайы жануарлардың олжалау бұйымдары, құқық бұзушылықтың құрал-саймандары және объектілері болып табылатын, сондай-ақ құқық бұзушылық орында немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау жүргізу бойынша шараларды қолдағанда лауазымды тұлғамен екі айғақ адамдардың қатысуымен алынуға мүмкін. Сонымен Жеке тұлғада болған заттарды және құжаттарды алып қою туралы хаттама (8-қосымша) құрастырылады, онда алынып қойылған құжаттардың, заттардың түрлері, реквизиттері, оның ішінде алынған қарудың типі, маркасы, моделі, калибрі, сериясы, нөмірі, оқ дәрілердің және арнайы техникалық құралдардың саны мен түрлері туралы мәліметтері болуы тиіс.

Хаттамаға жасаушы мен тұлғаның, одан сәйкесті құжаттар мен заттар алынғанда, айғақ адамдардың қолы қойылады.

Алынып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарастырылғанша арнайы ғимаратта (қоймаларда, сейфтарда) сақталынады.

Іс қарастырылғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алынып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе іске асырылады, немесе сақталынады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

21. Заңсыз табиғат пайдалану өнімдері туралы мәліметтер түрлері, саны және салмағы бойынша көрсетіледі (заңсыз дайындалған бекіре және ақсаха балықтар уылдырығының, шортанның салмағы, жабайы өсімдіктер (саңырауқұлақтар, шиелер, жаңғақтар, тамырлықтар, гүлдер және т.б.) салмағы бөлек көрсетіледі).

Ерекше толығырақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар және өсімдіктер түрлері бар болған жағдайларда өнімдерді бейнелеу керек.

Заңсыз олжаланған жануарларды, балықты немесе олардың өнімдерін бұзушылық табылған орнынан қабылдау пункті алыс болғандығына және апарғанша олардың бүліну жағдайына байланысты тапсыруға мүмкінсіз болса, олар заң бұзушыға қалдырылады, бұл жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық

туралы хаттамада көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген олжаланған жабайы жануарлар және өсімдіктер бұзушыға қалдыруға жатпайды.

22. Лауазымды тұлғаның карауы бойынша жасалынған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға бұзушыдан алынып қойылған мынадай құжаттар: аңшылық билеті, аңшы-балықшы мүшелік билеті, рұқсаттама (жолдама) және жабайы жануарларды олжалауға рұқсат беретін арнайы қағаз (лицензия), жабайы жануарларды кәсіптілік олжалауға шарттар (наряд-тапсырмалар), кәсіптілік журналдар, ішкі істер органдарының аңшылық қаруды сақтау мен алып жүру құқығына берілген рұқсатнама қосылуы мүмкін.

Бұзушыдан тұлға куәлігін және төлқұжатты, қызметтік куәлігін, әскери билетін, білім туралы куәлігін (дипломды), неке қию туралы куәлігін, көлік құралдарын жүргізу құқығына берілген куәлігін алуға болмайды.

23. Бұзушы анықталмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада "Тегі, аты, әкесінің аты" деген сызық жолында жағдайларға байланысты "анықталмады" және "ұсталынбады" деп жазылады.

24. Заң бұзушылықтарды немесе әкімшілік құқық бұзушылықтың нақты объектілерін ашу мақсатында лауазымды тұлғамен Заңды тұлғаға жататын аумақтарды, ғимараттарды, тауарларды, заңды тұлғаға жататын өзге мүлікті, сондай-ақ сәйкесті құжаттарды тексеру хаттамасы (9-қосымша), онда жалпы талаптармен бірге сәйкесті заңды тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ оның заңды өкілінің тұлғасы туралы, қаралған аумақтар мен ғимараттар, турлер, саны, тауарлардың өзге ұқсас белгілер, басқа заттар, құжаттардың түрлері мен реквизиттері туралы мәліметтер, егер тексеріс кезінде фото-, кинотүсірімдер, бейнежазбалар жүргізілсе, олар хаттамаға қосылады, хаттамаға тексерістің барлық аталған қатысушылардың, сондай-ақ айғақ адамдардың қолдары қойылады.

## 3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру тәртібі

25. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер Кодекстің 642 - 648 баптарымен белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын алған күннен он бес күндік мерзімде қарастырылады.

26. Тұлғаның мүдделерін, оған қатысты іс қозғалғанда, егер де ол өзінің табиғи және психикалық кемшіліктеріне байланысты іс бойынша өзінің құқықтарын тек өзі ғана іске асыра алмаса, оның заңды өкілдері ұсынуға құқылы.

27. Іс қарастырып отырған лауазымды тұлға құқық бұзушылық жасалды ма, жеке және заңды тұлға бұзушылық жасалғанға кінәлі ма, бұл тұлға әкімшілік жауапкершілікке жатады ма, жауапкершілікті жұмсарту және тартылыс жағдайлары бар ма, залал келтірілді ме екенін анықтауға міндетті.

28. Егер тұлға әрекеттерінде, оған қарсы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрастырылса, әкімшілік жаза салуға мүмкін болған бұзушылық мәні табылмаса, іс доғарылады және Кодекстің 650-бабына сәйкес келетін қаулы шығарылады.

29. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарастырылғанда кінә белгіленсе, онда тұлға, оған қатысты іс қозғалғанда, Кодекстің 45-бабына сәйкес әкімшілік жазаға тартылады.

Әкімшілік жаза салынғанда жауапкершілікті жұмсарту және тартылыс жағдайлары бар бұзушылықтың мінезін, бұзушының тұлғасын, оның кінәсінің дәрежесін, мүліктілік жағдайын ескеруге қажет.

30. Кодекстің 650-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарастыру нәтижелері бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы (10-қосымша) немесе өзге де сәйкесті қаулы шығарылады.

31. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда мыналар:

1) іс қарастыру күні мен орны;

2) қаулы шығарған лауазымды уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты-жөні;

3) тұлға туралы, оған қатысты іс қарастырылғандағы мәліметтер;

4) әкімшілік құқық бұзушылыққа жауапкершілікті алдын ала қарастыратын Кодекстің бабы;

5) іс қарастырылғанда белгіленген жағдайлар;

6) іс бойынша шешім;

7) шағымдану тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі.

32. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда жеке тұлғада болған алынып қойылған заттар мен құжаттар, заңды тұлғаға жататын алынып қойылған құжаттар мен мүліктер жөніндегі мәселелер шешілуі тиіс.

33. Әкімшілік жазаны салу туралы іс бойынша қаулы үш данада, ал залал келтірілген кезде - төрт данада толтырылады.

Бірінші дана іске қосылады, екінші заң бұзушыға қолхат арқылы қолына беріледі немесе оған пошта арқылы тапсырыс хатымен қолға алу туралы ескертумен қаулы шығарылған күннен бастап үш күндік мерзімде жіберіледі.

Егер залалды келтіруге қатысты бұзушылық бойынша материалдар заң бұзушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін тергеу органдарына жіберуге жататын болса, онда үшінші дана талап өтінішімен және бұзушылық туралы хаттамамен бірге көрсетілген органдарға беріледі.

Заң бұзушы залалды толықтыруға бас тартса қаулы азаматтық сот ісі

тәртібінде залалдың сомасын жазалау үшін сотқа жіберілетін талап өтінішіне қ о с ы л а д ы .

Қаулының барлық даналары қаулы шығарған лауазымды тұлғаның қолымен бекітіледі және орман, балық пен аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның мөрімен басылады.

## 4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулылардың атқарылуы, оларды шағымдану және наразылық білдіру

34. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның қолына қаулыны бергенде шағымдану тәртібі түсіндіріледі, сол ағылымда төлем енгізілуге тиісті мерзім, қажетті банктік реквизиттер және төлем жазалаудың даусыз тәртібі х а б а р л а н д ы р ы л а д ы .

Егер залал келтірілсе, онда оған төлеммен бірге залалдың сомасын енгізуге ұсыныс беріледі және залалды ізгі ниетті толықтыруынан бас тартса ол азаматтық сот ісі тәртібінде жазалануға тартылатыны түсіндіріледі.

35. Әкімшілік төлем әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғамен әкімшілік төлемді салу туралы қаулының заң күші бар күнінен бастап немесе Кодекстің 701-бабымен алдын ала көзделген кейін қалдыру мерзімнің ағылымы күнінен бастап отыз күн кешіктірмей, ал қаулыны шағымдау немесе наразылық білдіру жағдайларында - оны шағымды немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырған туралы хабарландыру күнінен бастап отыз күн кешіктірмей өтелінуі тиіс.

36. Егер бұл мерзімде әкімшілік төлем өтелмесе, ол Кодекстің 708-бабына сәйкес күш қолдану тәртіппен төлем салу туралы қаулы бойынша төлем салынған тұлғаның жалақысынан алынады.

Егер әкімшілік төлемге тартылған тұлға жұмыс істемесе немесе басқа себептер бойынша төлемді алу мүмкінсіз болса, сәйкесті сома сот атқарушымен алынады. Егер заң бұзушы әкімшілік төлемді өтеуден бас тартса және жұмыс істейтін орнын жасырса, лауазымды тұлға аумақтық ішкі істер органына сұрау жібереді.

37. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны тұлғамен, ол оған қатысты шығарылса, белгіленген тәртіппен шағымдануға мүмкін.

38. Лауазымды тұлғамен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түрлі бағыныштылық сатыларынан өтуге шағымдану және шешімдерді атқару қолданыстағы мерзімдерді ескере отырып тұрақты бақылау белгіленеді.

Сонымен әкімшілік жазалауды салу туралы қаулы, егер ол заң күші бар күнінен бастап бір жыл ағымы ішінде жазалауға тартылмаса, атқаруға жатпайтынын ескере отыру керек.

## 5. Бұзушылықтарды, заң бұзушылардан алынып қойылған заңсыз табиғатты пайдалану құрал-саймандарды және өнімдерді тіркеу Журналы , бланкілерді сақтау, беру және есептеу тәртібі

39. Бұзушылықтарды есепке алу, бұзушылықтың саны, түрлері және орындары бойынша олардың өзгерістерін талдауды қамтамасыз ету мақсатында Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бұзушылықтарды тіркеу, сондай-ақ заңсыз табиғат пайдаланудың құрал-саймандарды, заңсыз олжаланған өнімді есептеу журналы ( 11-қосымша), мұнда барлық анықталған бұзушылықтар тіркелінеді.

40. Осы Нұсқауда атап өткен тексеру кесімнің, ұйғарымның, хаттамалардың, қаулының және басқа құжаттаманың бланкілері (бұдан әрі - бланкілер) қатаң есептілік құжаттары болып табылады. Беру уақытына дейін олар тіркеу нөмірімен белгіленеді, ал соңғысы арнайы журналға енгізіледі. Уәкілетті орган немесе мемлекеттік мекеме бойынша бұйрықпен уәкілетті орган немесе мекеме бойынша бланкілерді сақтау, беру және есептеу үшін жауапты тұлға тағайындалады. Бланкілердің болуы мен қозғалысы уәкілетті органға ұсынылатын есептілік құжаттарында көрсетіледі.

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауға 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының**
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

_____________________________________________________________

орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар

_____________________________________________________________

пошталық мекен-жайы телефон телефакс

**Табиғатты қорғау заңнаманы ұстауды тексеру**
**КЕСІМІ**

200__ жылғы "___"___________ ____________________________

күні объектінің орналасқан жері

Мен, орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғасы,

_____________________________________________________________________

тегі, аты-жөні, лауазымы

Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің негізінде ______________________________________________________________

_ _ _ _ _ _

кәсіпорнының, объектінің немесе ғимараттың атауы, жоғарғы тұратын ұйым

_____________________________________________________________________

кәсіпорнының пошталық мекен-жайы

_____________________________________________________________________

министрлік, ведомство

табиғатты қорғау заңнамасын ұстауды тексерісін жүргіздім. Оның басшысы ______________________________________ болып табылады.

тегі, аты-жөні

Орналасқан жері: __________________тел,:___________факс:_________

Тексеріс мыналардың қатысуымен жүргізілді

_____________________________________________________________________

лауазымы, тегі, аты-жөні

_____________________________________________________________________

кәсіпорын өкілінің лауазымы, тегі, аты-жөні

Тексеріс кезінде келесі белгіленді:

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

қолдар:____________________________________________________________

тегі, аты-жөні

___________________ ____________________________________

___________________ ____________________________________

___________________ ____________________________________

__________________ __________________________________

_________ данада ____________парақта басылды

N 1 дана ___________________________________________________

N 2 дана ___________________________________________________

N 3 дана ________________________________________________
Кесіммен таныстым және бір данасын алдым 200__ жылғы "__"_________
Кәсіпорын басшысы: ________________ ________________________________
қолы тегі, аты-жөні

Тіркеу N ______________

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауға 2-қосымша

**Қазақстан Республикасының**
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

_____________________________________________________________________
орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар
_____________________________________________________________________
пошталық мекен-жайы телефон телефакс

200__ жылғы "____"________ БАСШЫҒА ___________________

## ОРМАН, БАЛЫҚ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР САЛАСЫНДАҒЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ БОЙЫНША МІНДЕТТІ ТҮРДЕГІ ҰЙҒАРЫМ

200__ жылғы "____"_______ N____ табиғатты қорғау заңнамасын ұстауды тексеру кесімі негізінде мына шараларды орындауды ҰЙҒАРАМЫН:

| N р/р | Ұйғарымның мазмұны | Орындау мерзімі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

Осы ұйғарым міндетті түрде орындауға жатады. Кәсіпорын басшысы орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар

мекен-жайына ұйғарымды орындау туралы ақпаратты оны орындау мерзімі өткеннен кейін 7 күннен кешіктірмей жіберсін.

Уәкілетті лауазымды тұлға: ____________ _____________________________

200 ___ жылғы "__" _________

Ұйғарымды алған: ____________ __________200 ___ жылғы "__" ________

Тіркеу N ____________

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдардың және олардың аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өсімдік және жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауға
3-қосымша

**Қазақстан Республикасының**
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

_______________________________________________________________

орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар

_______________________________________________________________

пошталық мекен-жайы телефон телефакс

**Әкімшілік ұстау туралы**
**ХАТТАМА**

200_жылғы "__"____ __сағ__мин ______________________________

хаттама жасалған орын, қала, поселкісі

_______________________________________________________________

ауыл, аудан, облыс

_______________________________________________________________

хаттаманы жасаған тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

_______________________________________________________________

тегі, аты-жөні, туған күні, тұрақты орналасқан жері, тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат, сериясы, нөмірі, _______________________________________ азаматты (азаматшаны)

кіммен, қашан берілді
әкімшілік ұстау туралы осы хаттаманы жасады.
200___ жылғы "___" _____________ ___ сағат____ минутта
ол_________________________________________________ жеткізілді.
қалалық, аудандық орган
____________________________________________________ көзделген
осы құқық бұзушылықты жасаған үшін жауаптылықты қарастырған
нормативтік кесімнің бабы, тармағы, атауы
_________________________________________________________ үшін
ұстау сылтаулары - әкімшілік құқық бұзушылықты тоқтату
____________________________________________________________
әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау, "Әкімшілік құқық
____________________________________________________________
бұзушылық туралы" кодекс бабының талаптарына сәйкес істі қарау
құқық бұзушылықты жасағаны үшін жеткізілді.

Әкімшілік тәртіппен ұстағандарды бөлмеге кіргізу алдында
1. ______________, ______________________ мекен-жайында тұратын
2. ______________, ______________________ мекен-жайында тұратын
айғақ адамдардың қатысуымен ___________________ ұсталған тұлғаға
тегі, аты-жөні
жеке тексеру және онда болған заттардың тексерісі жүргізілді.
Ұсталынған тұлғада айғақ адамдардың қатысуымен уақытша сақтау үшін
мыналар:
____________________________________________________________
заттар, құнды заттар, олардың ерекше белгілері
________________________________ анықталды және алынып қойылды.
ал қажетті жағдайда - анықталған жері мен жағдайлары
Ұсталынған тұлға ____________________________________________
____________________________________________________ киінген.
Сырттай қараған кезде дене зақымдары анықталды _________________
____________________________________________________________
қандай, жедел медициналық жәрдем шақырылды ма, шақыру уақыты, шақыру нөмірі
Ұсталынған ____________________________ оның тұрған жері туралы
__________________________________________ хабарлауды сұрады.
кімді
Ұстау және тексеру кезде жасалған арыздар және ескертулер _________

_______________________________________________________________________________

к і м м е н   ж ә н е   қ а н д а й

Тексеруді жүргізген қызметкердің қолы _________________________________

Ұсталынған тұлғаның қолы ________________________________________________

Айғақ адамдардың қолы ___________________________________________________

Ұсталынған тұлғаның орналасқан жері ____сағ ___мин ________________

_________________________________________________________ хабарландырылды.

күні, айы, жылы, кімге, телефон арқылы

Жасы толмаған құқық бұзушыны ұстаған туралы ____сағ ____мин _______

_______________________________________________________________________________

күні, айы, жылы, міндетті түрде оның ата-анасы немесе оларды а у ы с т ы р а т ы н   т ұ л ғ а л а р

__________________________________________________________ хабарландырылды.

кімге, телефон арқылы

Ұстауды жүргізген тұлғаның қолы ________________________________________

200__ жылғы "___"______ ___сағ ____мин ______________________________

а з а м а т   ( ш а )   б о с а т ы л д ы .

Босату себептері ________________________________________________________

Босатылған кезде ___________________________________________________ алды.

не қайтарылғаны көрсетіледі

Шағым жоқ __________________, бар ______________________________________

Босатылған тұлғаның қолы ________________________________________________

Әкімшілік ұстауға, жүргізілген жеке тексеруге, заттардың тексерісіне, заттарды және құжаттарды алып қоюына жоғарғы тұратын ішкі істер органына (лауазымды тұлғаға) немесе прокурорға шағым беруге болатыны маған түсіндірілді.

